

Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канада Үкіметінің арасындағы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 24 ақпандағы N 74

1996 жылғы 25 қыркүйекте Алматыда қол қойылған Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канада Үкіметінің арасындағы конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канада Үкіметінің арасындағы Конвенция

(1998 жылғы 30 наурызда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канада Үкіметі екі Мемлекеттің арасындағы экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени байланыстарды нығайту және дамыту құлшынысын басшылыққа ала отырып және табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенция жасауға ниет білдіре отырып мына мәселелер жайында уағдаласты:

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2 - б а п

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция табыс пен капиталға салынатын салықтарды алу тәсілдеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің атынан алынатын осы салықтарға қолданылады.
2. Табыстың жалпы сомасынан, капиталдың жалпы сомасынан, немесе табыстың яки капиталдың элементтерінен алынатын барлық салықтар, соның ішінде жылжитын

немесе жылжымайтын мүлікті шеттетуден түсетін табыстардан алынатын салықтар, сондай-ақ капитал құнының артуынан алынатын табысқа салынатын салықтар табыс пен капиталға салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Конвенция қолданылатын алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мынадай салықтар болып табылады:

а) Қазақстан жағдайында:

(i) заңды және жеке тұлғалардың табысына салынатын салық;

(ii) заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

(бұдан әрі "Қазақстан салығы" аталатындар);

б) Канада жағдайында:

"Табыс салығы туралы" Заң бойынша Канада Үкіметі алатын салықтар;

(бұдан әрі "Канада салығы" аталатындар).

4. Конвенция сондай-ақ оған қол қойылған күннен кейін қолданылып жүрген салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез-келген бірдей немесе іс жүзінде соларға ұқсас салықтарға қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары өздерінің қолданылып жүрген салық заңдарына енгізілетін кез-келген елеулі өзгерістер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

3-бап

Жалпы айқындамалар

1. Егер контексте басқадай мағына көзделмесе, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) мына терминдер:

(i) "Қазақстан" - Қазақстан Республикасын білдіреді. Жағырапиялық мағынасында қолданғанда "Қазақстан" термині халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын және Қазақстанның салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын аумақтық суларды, сондай-ақ тек қана экономикалық аймақ пен континенталдық шельфті қамтиды;

(ii) "Канада" - жағырапиялық мағынасында қолданғанда Канада аумағын, соның ішінде халықаралық құқыққа және Канада заңдарына сәйкес Канада теңіз түбі мен жер қойнауы және олардың табиғат ресурстары жөніндегі құқықтарын жүзеге асыра алатын аймақ болып табылатын Канаданың аумақтық теңізінен тысқары жердегі кез-келген аймақты білдіреді;

б) "тұлға" термині жеке адамды, компанияны және тұлғалардың кез-келген басқа бірлестігін қамтиды, Канада жағдайында термин сондай-ақ трасты қамтиды;

в) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез-келген корпоративтік құрылымды немесе кез-келген заңды тұлғаны білдіреді және, атап айтқанда, Қазақстан жағдайында пайда салығы салынатын

акционерлік қоғамды, жауапкершілігі шектеулі қоғамды немесе кез-келген басқа заңды тұлғаны немесе ұйымды қамтиды;

г) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контексте байланысты Қазақстанды және Канаданы білдіреді;

д) "халықаралық тасымал" термині Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне байланысты сапардың негізгі мақсаты басқа Уағдаласушы Мемлекеттің ішіндегі пункттер арасында жолаушылар немесе мүлік тасымалдау болып табылатын жағдайлардан басқа кезде теңіз немесе әуе кемесінің жолаушылар немесе мүлік тасымалдау жөніндегі кез-келген сапарын (және де оны осы резидент пайдалана ма әлде қолдана ма, жоқ па - осыған қарамастан) қамтиды;

е) "құзырлы орган" термині:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті өкілін;

(ii) Канадада: Ұлттық табыстар министрін немесе оның өкілетті өкілін білдіреді;

ж) "ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығын алған кез-келген жеке адамды;

(ii) өздерінің мәртебесін Уағдаласушы Мемлекеттің қолданылып жүрген заңдарының негізінде алған кез-келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе кез-келген басқа ассоциацияны білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет белгілі бір уақытта Конвенцияны қолданғанда онда айқындалмаған кез-келген термин, егер контексте басқадай мағына көзделмесе, салықтарына осы Конвенция қолданылатын сол Мемлекеттің заңдарына сәйкес нақ сол уақытта қандай мағынаға ие болса, дәл сондай мағынаға ие болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині:

а) осы Мемлекеттің заңдары бойынша онда өзінің тұратын жеріне, резиденттігіне, басқару орнына, құрылған орнына немесе осындай сипаттағы қандай да болсын басқа өлшемге байланысты салық салынатын кез-келген тұлғаны;

б) осы Мемлекеттің Үкіметін немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесін яки жергілікті өкімет органын не болмаса осы Үкіметке, бөлімшеге немесе өкімет органына қарайтын кез-келген заңды тұлғаны білдіреді. Ол сондай-ақ зейнетақы қорын немесе қызметкерлерге төленетін басқа да жәрдемақы қорын және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған кез-келген қайырымдылық ұйымын қамтиды.

Алайда бұл термин осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа ғана қатысты осы Мемлекетте салық салынуға тиіс кез-келген тұлғаны қамтымайды.

2. 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің

екеуінің де резиденті болған жағдайда оның мәртебесі былай айқындалады:

а) ол өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі; егер оның Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық байланыстары бар (өмірлік мүдделер орталығы) Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінде де өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы болмаса, онда ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

в) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

г) егер ол Мемлекеттердің екеуінің де азаматы болса немесе біреуінің де азаматы болмаса Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары мәселені өзара келісе отырып шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне байланысты компания Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, оның мәртебесі төменде көрсетілгендей айқындалады:

а) ол өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

б) егер ол Мемлекеттердің біреуінің де ұлттық тұлғасы болып табылмаса, ол өзінің нақты басқару орыны орналасқан Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.

4. Егер 1-тармақтың ережелеріне байланысты жеке тұлғадан басқа біреу немесе компания Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары мәселені өзара келісе отырып шешуге тырысады, бірақ құзырлы органдар мұндай келісімге қол жеткізе алмаса, тұлға осы Конвенцияның жеңілдіктерін алу мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің де резиденті болып есептелмейді.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині Уағдаласушы Мемлекет резидентінің кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүйеге асырылатын тұрақты қызмет орынын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

а) басқару орыны;

б) бөлімше;

в) о ф и с ;

г) ф а б р и к а ;

д) ш е б е р х а н а ; ж ә н е

е) шахта, мұнай немесе газ скважинасы, кеніш немесе табиғи ресурстарды барлаумен немесе өндірумен байланысты кез-келген басқа орын.

3. "Тұрақты мекеме" термині сондай-ақ мыналарды қамтиды:

а) құрылыс алаңы немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру объектісі яки осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер, егер осындай алаң немесе жоба 12 айдан астам уақытқа созылса немесе мұндай қызметтер 12 айдан астам у а қ ы т б о й ы к ө р с е т і л с е ; ж ә н е

б) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғы немесе құрылыс яки осы жұмыстардың орындалуын қадағалауға байланысты қызметтер, немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын бұрғылау қондырғысы яки кеме, егер осылай пайдалану 3 айдан астам уақытқа созылса, яки мұндай қызметтер 12 айдан астам у а қ ы т б о й ы к ө р с е т і л с е ; ж ә н е

в) қызметтер көрсету, оның ішінде осындай мақсаттар үшін резидент жалдаған қызметшілер немесе басқа да адамдар арқылы резиденттер көрсететін консультациялық қызметтер, бірақ (осындай немесе онымен байланысты жоба үшін) мұндай сипаттағы қызмет ел ішінде 12 айдан астам уақыт бойына көрсетілуі қажет.

4. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекет резидентіне байланысты "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтымаған болып е с е п т е л е д і :

а) ғимараттарды резидентке тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалану;

б) резидентке тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана сақтау;

в) резидентке тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа бір тұлғаның ұқсату мақсаттары үшін ғана сақтау;

г) тұрақты қызмет орынын резидентке тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе ақпарат жинау үшін ғана ұстау;

д) тұрақты қызмет орынын резидент дайындық немесе көмек сипатындағы кез-келген басқа бір қызметті жүзеге асыру мақсаттарында ғана ұстау;

е) тұрақты қызмет орнының қызмет түрлерінің қандай да болсын амалын жүзеге асыру нәтижесінде пайда болатын жиынтық қызметі дайындық немесе көмек сипатында болған жағдайда тұрақты қызмет орынын а) тармақшасынан д) тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің осындай амалын жүзеге асыру үшін ғ а н а ұ с т а у .

5. I және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті атынан

әрекет етсе және басқа Уағдаласушы Мемлекетте резиденттің атынан келісім шарттар жасауға өкілеттігі болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе, онда ол осы тұлға резидент үшін жүзеге асыратын кез-келген қызмет жөнінде осы басқа Мемлекетте тұрақты мекемесі бар резидент ретінде қарастырылады, бірақ осындай тұлғаның қызметі 4-тармақта көрсетілген, тұрақты қызмет орыны арқылы жүзеге асырылған күннің өзінде осы тұрақты қызмет орынын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын қызметпен шектелетін жағдай бұған қосылмайды.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы басқа Мемлекетте делдал, қатардағы комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез-келген басқа агент арқылы осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін ғана, мұндай адамдар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет еткен жағдайда, осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар тұлға ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (яки тұрақты мекеме арқылы не болмаса басқадай жолмен) компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы фактісінің өзі осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдыра алмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысқа (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алатын табысқа) осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайданылатын мал мен құрал-жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүліктің узуфруктын және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа да табиғи қазбаларды игергені немесе игеру құқығы үшін өтемақы ретінде төленетін өзгермелі немесе тұрақты төлемдер құқығын қамтиды; теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік болып есептелмейді.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе оны қандай да болсын басқа жолмен пайдаланудан алынған табыстарға және осы меншікті шеттетуден алынған табыстарға қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын болса ғана резиденттің кәсіпкерлік қызметтен тапқан пайдасына осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер резидент жоғарыда айтылғанындай кәсіпкерлік қызметпен айналысып жүрсе немесе айналысқан болса, резиденттің кәсіпкерлік қызметтен тапқан пайдасына басқа Мемлекетте салық салынуы, бірақ оның:

- а) осындай тұрақты мекемеге;
- б) осы басқа Мемлекетте осы тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға сәйкес келетін тауарлар мен бұйымдарды сатуға; немесе
- в) осы басқа Мемлекетте тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметке сәйкес келетін басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы айналысса немесе айналысқан болса, онда ол осындай немесе осыған ұқсас жағдайда нақ осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын дербес және жеке тұлға болғанда және резидентпен немесе кез-келген басқа тұлғалармен арадағы өзінің қатынастарында мүлдем тәуелсіз түрде іс-әрекет жасағанда кәсіпкерлік қызметтен алуы мүмкін пайдасы әрбір Уағдаласушы Мемлекеттегі осы тұрақты мекемеге жатады.

3. Тұрақты мекеменің кәсіпкерлік қызметтен алатын пайдасын айқындау кезінде тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды, соның ішінде тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалды ма, жоқ па - осыған қарамастан жұмсалған басқару шығындары мен жалпы әкімшілік шығындарды шегеріп тастауға болады.

Тұрақты мекемеге патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, қаламақылар немесе осыған ұқсас төлемдер түрінде, көрсеткен нақты қызметтері үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық төлемдер түрінде, немесе тұрақты мекемеге берілген қарыз үшін проценттер түрінде компанияның бас офисіне немесе басқа офисіне төленген сомаларды (нақты шығындарды өтеуге арналған сомадан басқа) шегеріп тастауға рұқсат етілмейді.

4. Бір жақтың кәсіпкерлік қызметтен тапқан пайдасы тұрақты мекеменің сол жақ

үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алғаны үшін ғана осы тұрақты мекемеге е с е п т е л м е й д і .

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің құзырлы органының қолында бар немесе ол оңай ала алатын ақпарат тұрақты мекеменің кәсіпкерлік қызметтен тапқан пайдасын яки шығындарын айқындау үшін жеткілікті болмаса, пайда осы Мемлекеттің салық заңдарына сәйкес есептелуі мүмкін. Осы 5-тармақтың мақсаттары үшін, егер салық төлеуші ақпаратты оны сұратқан құзырлы органға осындай ақпаратты құзырлы орган жазбаша сұратқан күннен бастап 91 күн ішінде берсе, онда осындай ақпарат оңай алынған ақпарат болып қарастырылады.

6. Егер кәсіпкерлік қызметтен алынған пайда осы Конвенцияның басқа баптарында бөлек айтылған табыс түрлерін қамтыса, онда бұл баптардың ережелері осы баптың е р е ж е л е р і н қ о з ғ а м а й д ы .

7. Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты кәсіпкерлік қызметтен алынған пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, жылма-жыл бірдей тәсілмен айқындалады.

8-бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалда теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланудан алған пайдаға осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1-тармақтың және 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) ережелеріне қарамастан, егер сапардың негізгі мақсаты басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер аралығында жолаушылар немесе мүлік тасымалдау болса, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті теңіз немесе әуе кемелерінің сапарынан алған пайдаға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. 1 және 2-тармақтардың ережелері сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе халықаралық пайдалану агенттігіне қатысудан алған осы тармақтарда айтылған пайдаға да қолданылады.

4 . О с ы б а п т а :

а) "пайда" термині жалпы түсімдерді және халықаралық тасымалда теңіз және әуе кемесін пайдаланудан тікелей алынған табысты қамтиды;

б) тұлғаның "халықаралық тасымалда теңіз немесе әуе кемесін пайдалануы" т е р м и н і :

(i) теңіз немесе әуе кемесінің чартерін яки оларды жалдауды, және

(ii) мұндай чартер немесе жалдау осы тұлғаның халықаралық тасымалда теңіз және әуе кемесін пайдалануымен байланысты болған жағдайда осы тұлғаның контейнерлерді және соларға байланысты жабдықтарды жалдауын қамтиды.

9-бап

Ассоциацияланған тұлғалар

1 . Е г е р :

а) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей яки жанама түрде қатысса, немесе

б) бір ғана тұлғалар Уағдаласушы Мемлекет резидентінің және басқа Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе ж а н а м а т ү р д е қ а т ы с с а ,

және әрбір жағдайда екі тұлғаның арасында олардың коммерциялық және қаржы қатынастарында екі тәуелсіз тұлғаның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда осы жағдайлар болмаған кезде олардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы шарттардың болмауы салдарынан оған есептелмеген кез-келген табыс осы тұлғаның табысына енгізіліп, оған тиісті салық с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы басқа Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет резидентінің пайдасына қосса және тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда бірінші аталған тұлғаға есептелетіндей пайда болып табылса, егер екі тұлғаның арасында жасалған жағдайлар тәуелсіз тұлғалардың арасында орныққа жағдайлардай болса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасауы мүмкін. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері қаралуы тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады.

10-бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. Алайда мұндай дивидендтерге сондай-ақ осы Мемлекеттің заңдарына да сәйкес дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ егер басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті дивидендтердің нақты иесі болса, онда осылай алынатын салық:

а) резидент емес жаққа тиесілі Канаданың резиденті болып табылатын инвестициялық корпорация төлейтін дивидендтерден басқа жағдайларда, егер алынатын дивидендтердің нақты иесі дивидендтер төлейтін компанияда дауыс беру құқығының кемінде 10 процентін тікелей немесе жанама түрде бақылайтын компания

болса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспайтын болады.

Бұл тармақтың дивидендтер төленіп отырған пайдасына қатысты компанияға салық салуға қатысы жоқ.

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылғанда акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлетін компания резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді дәл сондай салық реттеуіне жататын басқа да құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің нақты иесі дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсете және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шин мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, онда 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы басқа Мемлекет, мұндай дивидендтер осы Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы басқа Мемлекеттегі тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болатын жағдайды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерге қандай да болсын салық сала алмайды, тіпті төленіп отырған дивидендтер немесе бөлінбеген пайда тұтастай яки ішінара осы басқа Мемлекетте пайда болған пайдадан немесе табыстан құралған күннің өзінде компанияның бөлінбеген пайдасына бөлінбеген пайдаға салынатын салықты сала алмайды.

6. Осы Конвенцияда ешнәрсе Уағдаласушы Мемлекеттің осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын компанияның табыстарына есептелетін салыққа қосымша ретінде осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне жататын компанияның табыстарына салық салуына кедергі келтіретіндей болып түсіндірілмеуге тиіс, мұндай жағдайда осылайша есептелген кез-келген қосымша салық осының алдындағы салық салынатын жылдары осындай қосымша салық салуға ұшырамаған осындай табыстар сомасының 5 процентінен аспауы қажет. Осы тармақтың мақсаттары үшін "табыстар" термині пайданы, соның ішінде сол жылы және осының алдындағы жылдары Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге қатысты табыстардың кез-келген өсімін білдіреді, бұл орайда пайдадан жоғарыда айтылған қосымша салықтан өзге осы Мемлекеттің осындай пайдаға салатын барлық салықтары шегеріп тасталады.

11-бап

Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай проценттерге сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті проценттердің нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан:

а) Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және осы Мемлекет Үкіметінің немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесінің яки жергілікті өкімет органының қарызына қатысты төленетін проценттердің нақты иесі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болған жағдайда осы проценттерге тек осы басқа Мемлекетте ғана салық салынады;

б) Қазақстанда пайда болған және Канаданың резидентіне төленетін проценттерге, егер олар Экспортты Дамыту Корпорациясы кемінде 3 жыл кезеңге берген, кепілдік жасаған немесе сақтандырған займға, немесе кемінде үш жыл мерзімге берген, кепілдік жасаған немесе сақтандырған несиеге қатысты төленетін болса, Канадада ғана салық салынады; және

в) Канадада пайда болған және Қазақстанның резидентіне төленетін проценттерге, егер олар Қазақстанның Экспорттық-Импорттық Банкі немесе осы Конвенцияға қол қойылған уақыттан кейін құрылған және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдарының арасында хат алмасу арқылы аталған және келісілген кез-келген басқа экспорттық несие ұйымы берген, кепілдік жасаған немесе сақтандырған займға, немесе солар берген, кепілдік жасаған немесе сақтандырған несиеге қатысты төленетін болса, Қазақстанда ғана салық салынады.

4. "Проценттер" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген борыш талаптарының кез-келген түрінен алынатын табысты және, атап айтқанда, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынатын табысты және облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты, соның ішінде осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйлықтар мен ұтыстарды білдіреді және олар осы табыс пайда болатын Мемлекеттің заңдары бойынша берілген ақшалай несиенің займ ақшасынан алынған табыс сияқты дәл осындай салық салу режиміне жататын табыспен бірдей. Алайда "проценттер" термині 10-бапта (Дивидендтер) қарастырылған табысты қамтымайды.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің нақты иесі проценттер пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты проценттер төленетін борыш талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндайда жағдайға қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, проценттер осы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлейтін тұлғаның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте проценттер төленіп отырған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай проценттерді осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай проценттер тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастар болуына байланысты борыштық талапқа қатысты және соның негізінде төленетін проценттердің жалпы сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында келісіле алатындай сомада асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

8. Егер өзіне қатысты проценттер төленетін борыш талаптарын жасаумен немесе тапсырумен байланысты кез-келген тұлғаның негізгі мақсатты немесе негізгі мақсаттарының бірі осы борыш талаптарын жасау немесе тапсыру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті роялтидің нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылғанда әдебиет, өнер шығармаларына немесе ғылыми шығармаларға, соның ішінде компьютер бағдарламаларына,

кинематографиялық фильмдерге және кинопенкада, көру таспасында немесе теледидарда пайдаланылатын басқа да көру құралдарында түсірілген шығармаларға, кез-келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға яки процеске берілетін кез-келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе оны пайдалану құқығын бергені үшін яки өнеркәсіптік, коммерциялық не ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат (know-how) үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез-келген түрін және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төленетін төлемдерді білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болған басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты базадан онда тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе меншік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндайда жағдайға қарай 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) немесе 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, роялти осы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан оның Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты роялти төлеу міндеттемесі туындаса және мұндай роялти осы тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастар болуына байланысты өзіне қатысты пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидың сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуға тиіс.

7. Егер өзіне қатысты роялти төленетін құқықты жасауға немесе беруге байланысты кез-келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осы құқықты жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

13-бап

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан , 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) айтылған жылжымайтын мүлікті шеттетуден алған табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті:

а) басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тікелей немесе жанама түрде құнын яки оның үлкен бөлігін алатын ресми танылған қор биржасында елеулі және тұрақты негізде сатылатын акциялардан өзге акцияларды, н е м е с е

б) мүлкі негізінен басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен немесе жоғарыда а) тармақшасында көрсетілген акциялардан тұратын әріптестіктегі немесе трастағы үлесті шеттетуден алынған табыстарға осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Осы тармақтың мақсаттары үшін " жылжымайтын мүлік" термині а) тармақшасында ескертілген компанияның а к ц и я л а р ы н , н е м е с е

б) тармақшасында ескертілген әріптестіктегі немесе трастағы үлесті қамтиды, бірақ жалға алынып, соның негізінде компанияның, әріптестіктің немесе трастың кәсіпкерлік қызметі жүзеге асырылатын мүліктен басқа қандай да болсын өзге мүлікті қамтымайды

3. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесінің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе Уағдаласушы Мемлекет резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте қарауында бар тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін алынған табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (жекелей немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса алғанда) яки осындай тұрақты базаны шеттетуден алынатын осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте салық салынуы м ү м к і н .

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін яки осындай әуе не теңіз кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алған табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынуы мүмкін.

5. 1, 2, 3 және 4-тармақтарда ескертілгеннен өзге кез-келген мүлікті шеттетуден алынатын табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

6. 5-тармақтың ережелері басқа Уағдаласушы Мемлекетте резидент болып табылатын және мүлікті шеттетудің тікелей алдындағы 6 жыл ішінде кез-келген сәттен бірінші аталған Мемлекеттің резиденті болған жеке тұлға кез-келген меншікті

шеттетуден алған өсімге өз заңдары бойынша салық салу жөніндегі Уағдаласушы Мемлекеттің құқығын қозғамайды.

14-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға тәуелсіз сипаттағы кәсіптік немесе басқа қызметтерге қатысты алған табысқа, егер мұндай қызметтер басқа Уағдаласушы Мемлекетте көрсетілмесе немесе көрсетілмеген болса, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады; және

а) табыс жеке тұлға басқа Мемлекетте тұрақты негізде ие болып отырған немесе ие болған тұрақты базаға қатысты болса; немесе

б) осындай жеке тұлға осы басқа Мемлекетте кез-келген реттегі он екі айлық кезеңде жалпы ұзақтығы 183 күннен асатын кезең немесе кезеңдер бойы қатысса немесе қатысқан болса, тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

Мұндай жағдайда қызметтерге байланысты табысқа кәсіпкерлік қызметтен алынған пайданың және тұрақты мекемеге байланысты кәсіпкерлік қызметтен алынған пайданың сомасын айқындайтын 7-баптағыдай (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда) принциптерге сәйкес осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіпкерлік қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

15-бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. 16-баптың (Директорлардың сыйақылары), 18-баптың (Зейнетақылар және басқа да төлемдер), 19-баптың (Мемлекеттік қызмет) ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысқа байланысты алған ырзықақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыларға, егер жалдамалы жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте орындалмайтын болса, тек осы Мемлекетте салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша атқарылатын болса, сол жерден алынған осындай сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2 . Е г е р :

а) сыйақы алушы кез-келген реттегі 12 айлық кезеңде жалпы ұзақтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы осы басқа Мемлекетте болса, және

б) сыйақыны басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төленсе немесе ол жалдаушының атынан төленсе, және

в) сыйақыны жалдаушының басқа Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты

1-тармақтың ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылған жалдамалы жұмысқа байланысты алған сыйақыға тек бірінші аталған Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында атқарылатын жалдамалы жұмысқа қатысты алынған сыйақыға, егер сыйақыны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алмаған болса, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

16-бап

Директорлардың сыйақылары

Басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе соған ұқсас органның мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың сыйақыларына және басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Артистер және спортшылар

1. 14-баптың (Тәуелсіз жеке қызметтер) және 15-баптың (Тәуелді жеке қызметтер) ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі яки сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы жеке қызметінен алған табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе спортшы өзінің осы тұрпатында жүзеге асыратын жеке қызметіне қатысты табыс өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда осы табысқа 7-баптың (Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда), 14-баптың (Тәуелді жеке қызметтер) ережелеріне қарамастан өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Егер өнер қызметкері де немесе спортшы да, соларға қатысты тұлғалар да 2-тармақта айтылған тұлғаның пайдасына тікелей немесе жанама түрде қатыспаса, онда бұл тармақтың ережелері қолданылмайды.

4. Басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті Уағдаласушы Мемлекетте басқа Мемлекеттің пайда келтірмейтін ұйымының бірінші аталған Мемлекетке сапары шеңберінде көрсеткен қызметтен алған табысқа, егер сапарды қоғамдық қорлар едәуір дәрежеде қолдаған болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды.

18-бап

Зейнетақылар және басқа да төлемдер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін зейнетақылар мен аннуитеттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін зейнетақылар мен аннуитеттерге сонымен бірге олар пайда болған Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін. Алайда әлеуметтік қорғау жөніндегі жәрдемақылардан өзге мерзімді төленіп тұратын зейнетақылық төлемдер жағдайында осылай өндіріп алынатын салық төлемнің жалпы сомасының 15 процентінен аспауы тиіс.

3. Осы Конвенцияның кез-келген ережелеріне қарамастан:

а) Қазақстан Үкіметі немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшелерінің яки жергілікті өкімет органдарының бірі немесе Қазақстан Үкіметі не бөлімшесі яки өкімет органы үшін жүзеге асырылатын қызметке қатысты олар құрған қорлардың бірі төлейтін кез-келген зейнетақыға тек Қазақстанда ғана салық салынады. Алайда осындай зейнетақыға, егер жеке тұлға Канаданың резиденті және азаматы болса, Канадада ғана салық салынады;

б) Уағдаласушы Мемлекетте әлеуметтік қорғау туралы Заң бойынша төленетін жәрдемақыларға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады; және

в) Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін алименттер мен басқа да осындай төлемдерге тек осы басқа Мемлекетте ғана салық салынады.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы осы Мемлекетке немесе саяси-әкімшілік бөлімшесіне не жергілікті өкімет органына көрсетілетін қызметтерге қатысты кез-келген жеке тұлғаға төлейтін зейнетақыдан өзге ырзықақыға, жалақыға және соларға ұқсас сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті бола отырып әрі:

i) осы Мемлекеттің азаматы болса; немесе

ii) қызметті жүзеге асыру мақсаты үшін ғана осы Мемлекеттің резиденті болудан қалса, ырзықақыға, жалақыға немесе соларға ұқсас сыйақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі яки жергілікті өкімет органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты сыйақыларға 1-тармақтың ережелері қолданылмайды.

20-бап

Студенттер

Уағдаласушы Мемлекетке келердің нақ алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған Мемлекетте тек қана оқу немесе білім алу мақсатымен жүрген студент, кәсіптік оқудан өтуші тұлға яки стажер алатын және тұруға, оқуға және білім алуға арналған төлемдерге, мұндай төлемдер осы Мемлекеттен тыс жерлердегі көздерден пайда болған жағдайда, осы Мемлекетте салық салынбайды.

21-бап

Басқа табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Конвенцияның бұдан бұрынғы баптарында қарастырылмаған табыс түрлеріне, олар қайда пайда болмасын, 2-баптың ережелерін ескере отырып, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Алайда, егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті мұндай табысты басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден алатын болса, онда мұндай табысқа сонымен бірге ол пайда болған Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін.

22-бап

Капитал

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне тиесілі және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан 6-бапта (Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс) аталған жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе басқа Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекет резидентінің қарауындағы тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз және әуе кемелері және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға

байланысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтеріне тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

23-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

а) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Канадада салық салынуы мүмкін табыс тапса немесе капиталға ие болса, Қазақстан:

i) осы резиденттің табысына салынатын салықтан Канадада төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

ii) осы резиденттің капиталына салынатын салықтан Канадада төленген капиталға салынған салыққа тең соманы шегеріп тастауға мүмкіндік береді;

Бұл шегерулер кез-келген жағдайда Қазақстанда осындай табыс пен капиталға есептелуі мүмкін салықтан аспауға тиіс;

б) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тек Канадада ғана салық салынатын табыс тапса немесе капиталға ие болса, Қазақстан осы табысты немесе капиталды салық салу базасына, бірақ Қазақстанда салық салынатын осындай басқа табысқа немесе капиталға салынатын салық ставкасын белгілеу мақсаттары үшін ғана енгізе алады.

2. Канада жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

а) Канадада төленетін салықтан Канадада тыс аумақта төленген салықты шегеріп тастауға қатысты Канада заңдарының қолданылып жүрген ережелерін және олардың жалпы принципіне қатысы жоқ осы ережелердің бұдан былайғы кез-келген өзгерістерін ескере отырып - және де Канада заңдары неғұрлым ірі шегеруді немесе босатуды көздемесе ғана, - Қазақстанда туындаған пайдадан, табыстан немесе құн өсімінен Қазақстанда төленетін салық осындай пайда, табыс немесе құн өсімі жөнінде төленетін кез-келген канадалық салықтан шегеріп тасталады;

б) шетелдік филиалдан алынған табысқа салық салуға қатысты Канада заңдарының қолданылып жүрген ережелерін және олардың жалпы принципіне қатысы жоқ осы ережелердің бұдан кейінгі кез-келген өзгерістерін ескере отырып, канадалық салықты есептеудің мақсаттары үшін Канаданың резиденті болып табылатын компанияға ол Қазақстанның резиденті болып табылатын шетелдік филиалдың салық салынбайтын пайдасынан алған оның кез-келген дивидендтерінің салық салынатын табысын есептеу кезінде шегерім беріледі;

в) егер Конвенцияның кез-келген ережесіне сәйкес Канаданың резиденті алған табыс немесе капитал Канадада салықтан босатылған болса, соған қарамастан Канада

осындай резиденттің қалған табысына немесе капиталына салынатын салық сомасын есептеу кезінде босатылған табысты немесе капиталды есепке ала алады.

3. Осы баптың мақсаттары үшін осы Конвенцияға сәйкес басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынған Уағдаласушы Мемлекет резидентінің пайдасы, табысы немесе құн өсімі осы басқа Мемлекеттегі көздерден пайда болған деп есептеледі.

24-бап

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге басқа Уағдаласушы мемлекетте ұшырамайтын болады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие тұрақты мекемеге салық салу осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің резиденттеріне салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте одан қолайсыздау болмауға тиіс.

3. Осы баптың мазмұнында ешнәрсе де Уағдаласушы Мемлекетті азаматтық мәртебесіне немесе отбасылық міндеттемелеріне байланысты оның өз резиденттеріне берілетін осындай жеке салық жеңілдіктерін, салықтан босатуларды немесе кемітулерді басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмайды.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын, капиталы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара қарайтын немесе олар тікелей не жанама түрде бақылайтын компаниялар бірінші аталған Мемлекеттің резиденттері болып табылатын, капиталы үшінші бір Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара қарайтын немесе олар тікелей не жанама түрде бақылайтын басқа осындай компаниялар ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болатын кез-келген салық салуға немесе соған байланысты кез-келген міндеттемелерге бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

25-бап

Өзара келісіп алу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар етеді деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану

құралдарына қарамастан өзінің ісін осындай салық салуды қайта қарау талабын негіздейтін жазбаша өтінішпен өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдарының қарауына бере алады. Өтініш Конвенцияның ережелеріне сәйкес емес салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар тиген сәттен екі жыл ішінде берілген болса, ол қабылда алынады.

2. Құзырлы орган, егер ол талапты орынды деп есептесе және өзі қанағаттандыратын шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары Конвенцияда ескерілмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен ақылдаса алады және Конвенцияны қолдану мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады.

5. Егер осы Конвенцияны пайымдауға немесе қолдануға байланысты туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күдіктерді құзырлы органдар осы баптың мұның алдындағы тармақтарына сәйкес шеше алмаса, құзырлы органдардың екеуі де және салық төлеуші келісім берген жағдайда, егер салық төлеуші төрелік соттың шешімін міндетті деп тануға жазбаша келісім берсе, мәселе төрелік соттың қарауына берілуі мүмкін. Төрелік соттың нақты мәселе бойынша шешімі осы мәселе жөнінде екі Мемлекет үшін де міндетті болып табылады. Мемлекеттер мұндай мәселелерді қараудың рәсімін дипломатиялық арналармен ноталар алмасу арқылы белгілейді. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін үш жыл уақыт өткен соң құзырлы органдар дипломатиялық ноталар алмасудың дұрыс-бұрыстығын айқындау үшін бір-бірімен ақылдасады. Осы тармақтың ережелері Мемлекеттер дипломатиялық ноталар алмасу арқылы келісімге келген соң күшіне енеді.

26-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осы Конвенцияның ережелерін және салық салу осы Конвенцияның ережелеріне қайшы келмейтіндей дәрежеде ол қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алысып тұрады. Ақпарат алысу 1-баппен (Конвенция қолданылатын тұлғалар) шектеліп қалмайды. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез-келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия ақпарат болып есептеледі және осы Конвенция қолданылатын салықтарға баға берумен немесе оларды жинаумен, күштеп өндіріп алумен, сондай-ақ

сотпен қудалаумен және осы салықтарға байланысты шағымдарды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарға) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осындай мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде хабарлай алады.

2. 1-баптың ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттерге:

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына және әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары немесе үйреншікті әкімшілік практикасы бойынша алуға болмайтын ақпарат беру;

в) қандай да болмасын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны не сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік практикаға (қоғамдық практикаға) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада пайымдауға тиіс.

3. Егер ақпаратты Уағдаласушы Мемлекет осы бапқа сәйкес сұратып отырса, басқа Уағдаласушы Мемлекет сұрау салынған ақпаратты сұрау салу оның өзінің салық салуына қатысты болып отырғандай дәрежеде алуға ұмтылуға тиіс және мұндай ақпарат дәл сол сәтте оның өзіне қажет емес екеніне назар аудармауы тиіс. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органының өтінішінде мұндай ақпараттың берілуге тиісті нысаны нақты көрсетілсе, онда басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органы осы бапқа орай ақпаратты осы Мемлекеттің өзінің салықтарына қатысты заңдары мен әкімшілік практикасына сәйкес куәгерлік айғақтар және құжаттардың (соның ішінде бухгалтерлік кітаптардың, құжаттардың, есептердің, жазбалардың, шоттардың және жазбахаттардың) түзетілмеген түпнұсқаларының көшірмелері секілді талап етілген нысанда беруге ұмтылады.

27-бап

Дипломатиялық агенттер және консул қызметкерлері

Осы Конвенцияда ешнәрсе де дипломатиялық агенттердің немесе консул қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормалары берген немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайды.

28-бап

Басқа ережелер

1. Осы Конвенцияның ережелері Уағдаласушы Мемлекетте алынатын салық сомасын анықтау кезінде осы Мемлекеттің заңдары рұқсат ететін кез-келген босатудың, рұқсат етудің, есептеудің немесе басқа да шегеріп тастаулардың қандайда да болсын жағдайында шектеу ретінде пайымдалмауға тиіс.

2. Конвенцияда ешнәрсе де Уағдаласушы Мемлекет резидентінің үлесі бар серіктестікке, трастыға немесе компанияға қатысты осы тұлғаның табысына қосылатын сомаға салық салу жөнінде осы Уағдаласушы Мемлекетке кедергі болатын тосқауыл ретінде п а й ы м д а л м а й д ы .

3. Егер компанияның, трастының немесе серіктестіктің табысынан немесе капиталынан алынатын салықтың сомасы осы Мемлекетте есептелуі мүмкін сомадан әлдеқайда аз болса, егер компанияның акционерлік капиталының барлық акциялары немесе трастыдағы не серіктестіктегі барлық үлестері осы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын бір немесе одан көп жеке тұлғалардың нақты иелігінде болса, Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және осы Мемлекеттің резиденттері болып табылмайтын бір немесе бірнеше тұлғаға нақты тиесілі яки олар тікелей немесе жанама түрде бақылайтын қандай да болмасын компанияға, трастыға немесе серіктестікке қолданылмайды.

29-бап

Күшіне енуі

1. Осы Конвенция әрбір Уағдаласушы Мемлекетте бекітілуге тиіс және бекіту грамоталарын алмасу мүмкіндігінше қысқа мерзімде... болады.

2. Осы Конвенция бекіту грамоталарын алмасқан күні күшіне енеді және оның е р е ж е л е р і :

(i) 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейін төленетін немесе есептелетін сомалар үшін табыс көзінен алынатын салықтарға қатысты; және

(ii) 1996 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейін басталатын салық салу кезеңі үшін басқа салықтарға қатысты қолданылады.

30-бап

Қолданылу күшін тоқтату

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның күшін тоқтатпайынша күшінде қала береді. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет Конвенция күшіне енгеннен кейін бес жыл өткеннен кейінгі кез-келген күнтізбелік жылдың аяқталуынан кемінде 6 ай бұрын қолданылу күшін тоқтату туралы нота жолдап, дипломатиялық арналар бойынша Конвенцияның қолданылу күшін тоқтата алады. Бұл жағдайда Конвенция:

а) алты айлық кезең аяқталғаннан кейін келетін жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленетін немесе есептелетін сомалар үшін табыс көзінен алынатын с а л ы қ т а р ғ а қ а т ы с т ы ; ж ә н е

б) алты айлық кезең аяқталғаннан кейін келетін жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салу кезеңдері үшін басқа салықтарға қатысты қ о л д а н ы л у к ү ш і н т о қ т а т а д ы .

Осыны куәландыру ретінде тиісті Үкіметтер тиісті дәрежеде өкілеттік берген төменде қол қоюшы өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

Алматы қаласында 1996 жылғы қыркүйек айының 25 күні қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерінде жасалды, және де барлық текстердің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Канада Үкіметі

үшін

Хаттама

Бүгін табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Канада Үкіметі арасындағы Конвенцияға қол қоя отырып төменде қол қоюшылар осы Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтын мына ережелер жайында келісіп алды:

1. 12 - бапқа байланысты

Егер Қазақстан Конвенцияға қол қою сәтінде Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымына мүше болып табылатын басқа мемлекетпен жасасқан шартта 2-тармақта көрсетілген роялти ставкасынан неғұрлым төмен ставкаға келісім берсе, екі У а ғ д а л а с у ш ы М е м л е к е т :

а) кез-келген әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем шығарманы қоюға немесе қайта көрсетуге қатысты авторлық құқықтар үшін төленетін роялти және басқа да ұқсас төлемдер (бірақ кинофильмдерге қатысты роялти және кинопенкадағы немесе бейне көру таспасындағы яки басқа да жазба құралдарындағы шығармаларды теледидар хабарлары үшін пайдалану мақсатында олар жөнінде төленетін роялти бұған қ о с ы л м а й д ы) ; н е м е с е

б) компьютерлерді бағдарламамен қамтамасыз етуді пайдалану немесе пайдалану құқығы үшін төленетін роялти; немесе

в) егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі 9-баптың (Ассоциацияланған тұлғалар) а) немесе б) тармақшаларының мағынасындағы тұлғалармен байланысты болмаса, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты кез-келген патентті немесе кез-келген ақпаратты (бірақ жалдауға немесе франшизм шартына байланысты берілген кез-келген осындай ақпарат бұған қосылмайды) пайдалану немесе пайдалану құқығы үшін төленетін роялти жөнінде 2-тармақта көрсетілген ставкадан осы неғұрлым төмен ставканы қолданатын болады.

2. 22 - бапқа байланысты

22-баптың (Капитал) мақсаттары үшін "капитал" термині жылжитын және жылжымайтын мүлікті білдіреді және қолма-қол ақша қаражатын, акцияларды немесе мүліктік құқықтарды растайтын басқа да құжаттарды, вексельдерді, облигацияларды яки басқа да қарыз міндеттемелерін, сондай-ақ патенттерді, тауар белгілерін, авторлық құқықтарды немесе соған ұқсас басқа құқықты не мүлікті қамтиды (бірақ олармен

ш е к т е л і п

қ а л м а й д ы) .

3 . 2 8 - б а п қ а б а й л а н ы с т ы

Уағдаласушы Мемлекеттер, егер Қазақстан Республикасы Қызметтер Саудасы жөніндегі Бас Келісімге қосылса және ол оған қосылған кезде және де осы Келісімнің XXII бабының 3-тармағына қарамастан, осы Конвенцияның кез-келген ережесінің объектісі болып табылатын салыққа қатысты шара осы Конвенцияның құзырына жататын-жатпайтынына байланысты олардың арасындағы қандай да болсын дау, жоғарыда айтылған 3-тармақта көзделгеніндей, екі Уағдаласушы Мемлекеттің келісім беруімен ғана Қызметтер Саудасы жөніндегі Кеңестің қарауына ұсынылуы мүмкін е к е н і н е к е л і с т і .

Осыны куәландыру ретінде тиісті Үкіметтер тиісті дәрежеде өкілеттік берген төменде қол қоюшы өкілдер осы Хаттамаға қол қойды.

Алматы қаласында 1996 жылғы қыркүйек айының 25 күні қазақ, орыс, ағылшын және француз тілдерінде жасалды, және де барлық текстердің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Канада Үкіметі
үшін